

«Эмиссиялар нормативтерінің жобасы, Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚ бөлімінің 8 бағалау ұнғымасы, 44 пайдалану ұнғымасы бойынша және ҚОҚ бөлімінің Қаратөбе кен орнын жайластыруды кеңейту жөніндегі бөлімін түзету), қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, іс-шаралар жоспары» бойынша ашық жиналыс түрінде өткізілген қоғамдық тыңдау хаттамасы

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: Ақтөбе облысы Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылдық округі әкімінің аппараты.

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:

«Эмиссиялар нормативтерінің жобасы, Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚ бөлімінің 8 бағалау ұнғымасы, 44 пайдалану ұнғымасы бойынша және ҚОҚ бөлімінің Қаратөбе кен орнын жайластыруды кеңейту жөніндегі бөлімін түзету), қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, іс-шаралар жоспары».

(қаралатын жобалау құжаттардың толық, нақты атауы)

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы:

- ҚР ЭГТРМ жанындағы «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ, РМҚ.,

- «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс а/о, Жарқамыс ауылы, Қаратөбе кен орны. Географиялық координаталары: 47°55'30,87"с.е. 56°33'08,54"ш.б.

(көзделіп отырған қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылдық округі әкімінің аппараты.

(белгіленген көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі)

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: «Is Petroleum» ЖШС. Мекенжайы: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Өтеген Сеитов көшесі, 3В құрылыс, «Shabyt» Бизнес орталығы; БСН: 201040025752; тел.: 87056046007.

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: «Eco Project Company» ЖШС., Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Тургенев көшесі, 3В. БСН: 200540023731; телефоны: 87025574058.

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

8. Қоғамдық тыңдаудың өткізілетін күні, уақыты, орны (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күні және уақыты): 2026 жылғы 2 наурыз, жергілікті уақыт: 11:00, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс а/о, Жарқамыс ауылы, Орталық көшесі 114А, Мәдениет үйі. Сондай-ақ, ZOOM бейнеконференция байланысы арқылы.

Қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты: 2026 ж. 03.02. сағат: 10:30.

Қоғамдық тыңдаудың басталған уақыты: 2026 ж. 03.02. сағат: 11:00.

Қоғамдық тыңдаудың аяқталған уақыты: 2026 ж. 03.02. сағат: 12:00.

(қатысушыларды тіркеудің басталатын күні, уақыт, қоғамдық тыңдаулардың басталу және аяқталу уақыты, тыңдаулар өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі)

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. №1 және №2 Қосымшада ұсынылады.

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. №3 Қосымшада ұсынылады.

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) Бірыңғай экологиялық порталда: <https://ndbecology.gov.kz/> – 2026 ж. 01.29.

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында: «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ – <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/press/article/details/224217?lang=kk> – 2026 ж. 01.29.

(ресми интернет-ресурстардың атауы, сілтемелер және жарияланған күні)

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

«Ақтөбе», 2026 ж. 01.27. №7 (21.665) және «Актюбинский вестник» газеттері, 2026 ж. 01.27. №7 (21.398).

(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)

«Автордио Казахстан» радиотолқыны – 2026 ж. 01.27. эфирлік анықтама.

(теле- немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың видео және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, 1 мекенжайы бойынша 1 дана хабарландыру. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс а/о, Жарқамыс ауылындағы әкімдік ғимараты.

Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар 4-ші Қосымшада қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдаудың төрағасы: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылдық округінің әкімі – Жұбаналин Асылхан Шоқанұлы.

Қоғамдық тыңдау хатшысы: Қылышбаев Ғабит Ордабайұлы.

Хатшыны таңдау туралы:

Қоғамдық тыңдауға қатысушылар саны: «қарсы емес» - 17 адам, «қарсы» - 0 адам, «қалыс қалды» - 0 адам.

(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")

Регламентті бекіту туралы: «қарсы емес» - 17 адам, «қарсы» - 0 адам, «қалыс қалды» - 0 адам.

(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

- Қылышбаев Ғабит Ордабайұлы, «Еco Project Company» ЖШС экологы;

- Абуова Гүлнр, «Западный проект» ЖШС директоры.

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)

«Эмиссиялар нормативтерінің жобасы, Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚ бөлімінің 8 бағалау ұңғымасы, 44 пайдалану ұңғымасы бойынша және ҚОҚ бөлімінің Қаратөбе кен орнын жайластыруды кеңейту жөніндегі бөлімін түзету), қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау

бағдарламасы, іс-шаралар жоспары» бойынша қазақ тіліндегі баяндама мәтіні – 7 парақта, презентация – 28 парақта.

Қоғамдық тыңдауға шығарылатын құжаттар бойынша баяндама мәтіні осы қоғамдық тыңдау хаттамасына №5 Қосымшада беріледі.

(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)

Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

14. Қоғамдық тыңдау хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын, мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдауды өткізу барысында қатысушылар тарапынан және бірыңғай экологиялық порталда қойылған сұрақтар мен ұсыныстар қосымшада ұсынылады.

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: Баяндаманы «Есо Project Company» ЖШС экологы Қылышбаев Ғабит Ордабайұлы, «Западный проект» ЖШС директоры Абуова Гүлнұр презентация түрінде толық көлемде ұсынды.

Құжаттама бірыңғай экологиялық порталдың сайтында (<https://ndbecology.gov.kz/>) орналастырылатын болады.


(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілдігінің атауы ұйымдар, пікірлер мен ұсыныстар)

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаудың төрағасы:

Жұбаналин Асылхан Шоқанұлы

Қолы:



Күні: 2026 ж. 03.02.

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

18. Қоғамдық тыңдаудың хатшысы:

Қылышбаев Ғабит Ордабайұлы

Қолы:



Күні: 2026 ж. 03.02.

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

«Эмиссиялар нормативтерінің жобасы, Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚ бөлімінің 8 бағалау ұнғымасы, 44 пайдалану ұнғымасы бойынша және ҚОҚ бөлімінің Қаратөбе кен орнын жайластыруды кеңейту жөніндегі бөлімін түзету), қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, іс-шаралар жоспары» бойынша өткізілген қоғамдық тыңдау барысында қатысушылардан берілген ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

Өткізу уақыты: 2026 жылғы 2 наурыз, жергілікті уақыт: 11:00.

Өткізу орны: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс а/о, Жарқамыс ауылы, Орталық көшесі №114А (Мәдениет үйі).

№	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")
Қоғамдық тыңдау барысында қойылған сұрақтар мен ұсыныстар			
1	Жарқамыс ауылының тұрғыны – Шауленов Абзал: Таңертеңгісін қыр жаққа мал жайып шығамыз, сол жерлерден сераның иісі шығып жатады. Бұл қайдан келіп жатырған сераның иісі?	«Іс Petroleum» ЖШС Ақтөбе филиалының директоры – Айшуақ Б.Ә.: Біздің өндіріп жатырған мұнайымыздың құрамында сероводород жоқ. Газдың иісі болар, бірақ сероводород жоқ. Біз өндірістік қажеттіліктерге газды «Қазактүрікмұнай» ЖШС-нен сатып аламыз. Газдың 1000 м ³ -ын 20 мың теңгедег сатып алып отырмыз. Біз кен орнына 2 сепаратор қойғанбыз, газ жинай алмай отырмыз, газ жоқ. Пешке жағатын газ жоқ.	Ескерту алынып тасталды
2	Жарқамыс ауылының тұрғыны – Шауленов Абзал: Жаңа скважина қосылады деп жатыр ғой, бұл скважиналар қоршалады ма әлді «BIG» ішінде болады ма?	«Іс Petroleum» ЖШС Ақтөбе филиалының директоры – Айшуақ Б.Ә.: Қаратөбе, «Қазактүрікмұнай» ЖШС жерлері барлығы Шатырлысай деген жерде ғой, ол жерлердің барлығын қоршау мүмкін емес. Тек қана скважиналарды қоршап қоюға болады.	Ескерту алынып тасталды
3	Жарқамыс ауылының тұрғыны – Медиев Р.Н.: Сіздің тарапыңыздан ауылға қандай көмектеріңіз болады, мысалыға ауылға тал егіп беруге, қоршап беруге? Ертеңгі күні Б.Тәжібаев атамыздың 100 жылдық мерейтойы. Осы шараларға кішкене де болса қаржылай	«Іс Petroleum» ЖШС Ақтөбе филиалының директоры – Айшуақ Б.Ә.: Біз ауылдың барлық шараларына, басқа да шараларға қаржылай көмектесіп қатысып келе жатырмыз. Жаңа жыл болсын, мектепке жол, ойын алаңын салуға ат салысып келеміз. Ауыл әкімдігі бос отырған жоқ, ауылдың	Ескерту алынып тасталды

	көмек бар ма?	қажеттіліктеріне қандай көмек керек болса бізге жазып жіберіп отырады. Ауыл әкімі – Жұбаналин А.Ш.: «Іс Petroleum» ЖШС осы уақытқа дейін «мектепке жол» акциясына, бірқатар шараларға қолдау көрсетіп келеді. Жаңағы айтылып жатырған көпір салуға, бөгет жасауға, Б.Тәжібаевтың 100 жылдығына орай көмектің бастамасын жасады, яғни 20 млн. теңге көлемінде көмек көрсетеміз деп отыр. Ал саябақты қоршауға «Алтиес Петролеум» ЖШС қаражат қарастырып жатыр.	
4	Жарқамыс ауылының тұрғыны – Байтілеу Ж.: Таныстырып жатырғаны қазып жатырған жаңақ скважина ма?	«Іс Petroleum» ЖШС Ақтөбе филиалының директоры – Айшуақ Б.Ә.: Скважина қазу аяқталып қалды, соңғы он скважина қалды. Қазу жұмыстары аяқталған соң жайластыру жұмыстары жүргізіледі. Сол жұмыстармен таныстыруға келіп отырмыз. Қоғамдық тыңдаудың мақсаты атқарылып жатырған жұмыстармен, экологиялық әсерімен халықты таныстыру.	Ескерту алынып тасталды
5	Жарқамыс ауылының тұрғыны – Мақсатұлы Қыдырәлі: Сіздерде нефтешлам шығарылады, нефтешламды қай жаққа төгіп жатырсыздар? Айналаға төгіліп жатырған жоқ қой?	«Іс Petroleum» ЖШС экологы – Уринбасаров Г.У.: Нефтешламды Мұғалжар ауданындағы (Солтүстік трува жақта) «Сенеко» компаниясы алып кетіп отырады. Бұл компанияның мұнай қалдықтарын өндеуге лицензиясы бар, қоршаған ортаға эмиссиялар үшін рұқсаты бар. ЖБО-ны Қандыағаш қаласына алып кетеді. Біздің талабымыз бойынша машиналарда мәндетті түрде GPS болуы керек. Бізден майланған грунт алған кезде накладной лист береміз, ол накладнойға алып кеткендігі туралы біз қол қоямыз, таситын адам апара жатырмын деген қол қояды, ал қабылдаған полигон қабылдадым деген штампик қойып қол қояды. Осы құжатта үш адамның мөрі болғаннан кейін ғана ақша төлейміз. Сонымен қатар, біз кез келген уақытта полигонды қарап	Ескерту алынып тасталды

		тексере аламыз.	
6	Жарқамыс ауылының тұрғыны – Мақсатұлы Қыдырәлі: Полигон да қашық жерде тұр ғой, мысалыға қыстың кезінде жол болмай қалады, септиктеріңіз толып қалады, сол кезде не істейсіздер?	«Іс Petroleum» ЖШС экологы – Уринбасаров Г.У.: Егер жол болмай қалғанда қалдықтарды жол бойына төгіп тастаса, барлық штартық санкциялар сол кісіге салынады.бүкіл лицензиясынан айырылады. Бәрібір бұл шаралардың дұрыс жүргізілуіне жауап беретін біздің мекеме. Бірақ қазіргі кезде жолдарын аршып, қалдық тасушы машиналарды тоқтатпайды. Егер де сай-салаға, далаға қоқыс төгіп жатырған машиналарды көрсеңіз айқайласпай суретке видеоға түсіріп бізге жіберіңіз, әрі қарай өзіміз айналысамыз. Қалдықтарды тасымалдау мәселесі біздің бақылауымызда тұр.	Ескерту алынып тасталды
7	Жарқамыс ауылының тұрғыны – Мақсатұлы Қыдырәлі: Сіздердің аумақтарыңыздағы компания «BIG»-ға қарайды ма? Сол жерлерді Сіздер алады деген сыбыс рас па? Сол жерде 36-шы ұңғыманы жабу керек болып тұр, соны сіздер жабасыздар ма?	«Іс Petroleum» ЖШС Ақтөбе филиалының директоры – Айшуақ Б.Ә.: Біздер сол компанияның жерлерін алмаймыз, бірақ кіре аламыз. Сол 36-шы ұңыма «BIG» компаниясының картасында және біздің картада да жоқ екен. Кейін «BIG» компаниясымен сөйлескенімізде олар жабамыз деді. Бұл ұңыма Министрлік пен әкімдіктің жол картасына енгізілді, сол себептен міндетті түрде жабылатын болады.	Ескерту алынып тасталды
8	Жарқамыс ауылының бірқатар тұрғындары жұмысқа орналасу мәселелері,, резьюмелерді қарау, жұмысқа алу тәртібі, өзге облыстардан қысқартуға ұшырап келген азаматтарды жұмысқа алу, өзге жұмыс орындарынан «Іс Petroleum» ЖШС-не орналасу мәселері бойынша сұрақтар қойылды.	Бұл сұрақтарға «Іс Petroleum» ЖШС Ақтөбе филиалының директоры Айшуақ Б.Ә., Жарқамыс ауылдық округінің әкімі Жұбаналин А.Ш.: жұмысқа қабылдау, «Мансап» биржасына тіркелу тәртібі және қажетті құжаттар мен өзге де мәселелер туралы жауап берді.	Қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ

«Эмиссиялар нормативтерінің жобасы, Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚ бөлімінің 8 бағалау ұнғымасы, 44 пайдалану ұнғымасы бойынша және ҚОҚ бөлімінің Қаратөбе кен орнын жайластыруды кеңейту жөніндегі бөлімін түзету), қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, іс-шаралар жоспары» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдауға қатысушыларды тіркеу парағы

Өткізу уақыты: 2026 жылғы 2 наурыз, жергілікті уақыт: 11:00.

Өткізу орны: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс а/о, Жарқамыс ауылы, Орталық көшесі 114А, Мәдениет үйі.

№, р/с	Қатысушының аты-жөні	Қатысушының санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, бастамашы)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
1	2	3	4	5	6
1	Қылышбаев Г. С.	ЕcoProject Сауаткер	8227972222	жеке	Ж
2	Уралиев С. У	ec Petroleum м.ш.с. Эколог	87056046007	жеке	Ж
3	Бекматқалиев Т. Б	Нұрлы Тұрғын	87059750	жеке	ОБМ
4	Сейітаман Нұрғали	Ауыл тұрғыны	87476221875	жеке	Ж
5	Мақсатұлы Әлдіғарай	Ауыл тұрғыны	87057141134	жеке	Ж
6	Ермұратқали Әзімжан	Ауыл тұрғыны	87763588099	жеке	Ж
7	Масарбаев Р. А	Ауыл тұрғыны	87763057600	жеке	Ж
8	Қарағұл шиеков. Н.	Ауыл тұрғыны	87056302974	жеке	Ж
9	Мендешбаев Т. К	Ауыл тұрғыны	8705497766	жеке	Ж
10	Медиев Р. Н	Ауыл тұрғыны	8777-193-1841	жеке	Медиев Р. Н
11	Қидираев Е	Ауыл тұрғыны	877711080143	жеке	Ж
12	Шүкеев А.	Ауыл тұрғыны	87774088828	жеке	Ж
13	Аман К.	Ауыл тұрғыны	87055392165	жеке	Ж
14.	Боимішев Ж	Ауыл тұрғыны	8771820988	жеке	Ж

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 26282215001, Дата: 22.01.2026

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории: Актюбинская область, Байганинский район, Жаркамысский с.о., с.Жаркамыс

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания: п. Жаркамыс расположен на расстоянии более 5 км.

Предмет общественных слушаний: Проект нормативов эмиссий, Раздел охраны окружающей среды (корректировка раздела ООС по оценочным 8 скважинам, 44 эксплуатационным скважинам и раздела ООС по расширению обустройства месторождения Каратюбе), программа управления отходами, программа производственного экологического контроля, план мероприятий

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Актюбинская область, Байганинский район, Жаркамысский с.о., с.Жаркамыс, , улица Орталык 114А, дом культуры., 02.03.2026 11:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (5 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

Актюбинский Вестник; АвтоРадио

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

Актюбинская область, Байганинский район, Жаркамысский с.о., с.Жаркамыс, улица Орталык 114А, дом культуры.

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания

общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»
Товарищество с ограниченной ответственностью "IC Petroleum" (БИН: 201040025752), +7(705)-604-60-07, urynbasarov.gasir@icpetroleum.kz,

Составитель отчета о возможных воздействиях : ТОО "Eco Project Company"

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 26282215001, Дата: 22.01.2026

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №26282215001, от 22.01.2026 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Проект нормативов эмиссий, Раздел охраны окружающей среды (корректировка раздела ООС по оценочным 8 скважинам, 44 эксплуатационным скважинам и раздела ООС по расширению обустройства месторождения Каратюбе), программа управления отходами, программа производственного экологического контроля, план мероприятий, в предлагаемую Вами 02.03.2026 11:00, Актюбинская область, Байганинский район, Жаркамысский с.о., с.Жаркамыс, , улица Орталык 114А, дом культуры.(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

Товарищество с ограниченной ответственностью "IC Petroleum" (БИН: 201040025752), +7(705)-604-60-07, urynbasarov.gasir@icpetroleum.kz,

Составитель отчета о возможных воздействиях: ТОО "Eco Project Company"

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Ақтөбе



1924 жылдың 7 маусымынан бастап шығып келеді

www.aqtobegazeti.kz

aqtobegazeti@mail.ru

Қапа



АҚТӨБЕНІ ДАМУҒА ҮШІН БІРЫҢҒАЙ ДИЗАЙН-КОД ӘЗІРЛЕНЕДІ

Бұл дизайн-код қаланың сәулеттік келбетін сақтауға, оның тарихи және мәдени ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ қалалық ортаны заманауи, қолайлы және тұрғындар үшін тартымды етуге мүмкіндік береді.

Облыс әкімі Асхат Шахаровтың төрағалығымен өткен отырыста қаланың сәулеттік келбетін жақсарту және тұрғындар үшін жайлы орта қалыптастыру шаралары талқыланды.

Қала әкімі Азамат Бекеттің айтуынша, өткен жылы аумақтарды абаттандыру және көгалдандыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді: жаяу жүргіншілер жолдарына жаңа тас төсемелер төселді, «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында биіктігі 3-5 метрлік ағаштар егілді, орталық көшелер жарықтандырылды.

Сондай-ақ демеушілер мен кәсіпкерлер есебінен 15 гүлзар мен саябақ салынып, қала тұрғындары үшін экологиялық әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға мүмкіндік берді. Мобильді топтар қаланың сәулеттік келбеті

не нұқсан келтірген 58 заңсыз сауда павильоны мен 211 жарнама құрылымын бұзды, сондай-ақ көпірлердегі қоршаулар мен қауіпсіздік жүйесін жаңарту жоспарланған.

Қала әкімінің айтуынша, 2026 жылғы 1 наурызға дейін қаланың даму жоспарына өзгерістер енгізу, атап айтқанда, ғимараттардың қасбетін жаңарту, қоғамдық кеңістікті абаттандыру, шағын сәулеттік нысандарға, навигацияға, жарықтандыруға және көше жиһазына арналған бірыңғай стандарт орнату, сондай-ақ ландшафтық дизайн жоспарын және көгалдандыру стандартын әзірлеу қажет. Астана қаласының тәжірибесі негізінде жасалған дизайн-кодты, көгалдандыру бағытындағы бастамаларды және қаланың бренд-бүгін енгізудің тиімділігін түсіндірді.

Өңір басшысы Асхат Шахаров қала әкімдігіне барлық жаңа және қолданыстағы нысан үшін міндетті талап ретінде бірыңғай дизайн-кодты әзірлеп, бекітуді тапсырды. Құжат қаланың тұтас келбетін сақтауды, оның тарихи және сәулеттік

ерекшеліктерін ескеруді және заманауи, жайлы әрі тартымды орта қалыптастыруды қамтамасыз етуге тиіс.

— Ақтөбенің сәулеттік келбетін жақсарту және бірыңғай дизайн-кодты енгізу — сыртқы көріністі реттеу ғана емес, заманауи әрі жайлы қалалық орта құрудың құралы. Қалада бей-берекет жарнама, әртүрлі қасбеттер мен келісілмеген маңдайшалар болмауға тиіс. Дизайн-кодты енгізу жұмысы кезең-кезеңімен жүргізілуі қажет: алдымен орталық көшелер мен қоғамдық кеңістік, кейін тұрғын аудандар. Сонымен қатар кәсіпкерлермен жүйелі жұмыс ұйымдастырып, талаптарды орындаудың нақты мерзімдерін белгілеу қажет. Дизайн-код талаптарының сақталуын бақылау тұрақты сипатта болуға тиіс: жауапты құрылымды айқындау, талаптардың орындалуын жүйелі түрде мониторингтеу және тәжірибені аудан орталықтарына тарау қажет, — деді аймақ басшысы.

Өз тілшіміз.

Коллекж

ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ БАР КОЛЛЕДЖ ҚАЙТА ЖАҢАРДЫ

Облыс әкімі Асхат Шахаров құрылыс-техникалық колледжіне барды.

Колледж ғимараты 1964 жылы салынған. Былтыр оқу орнында оқу кабинеттері жаңартылып, инженерлік коммуникациялар ретке келтірілді, ғимарат айналасы абаттандырылып, материалдық-техникалық база жаңартылды.

Колледж директоры Гүлден Есенғалиева оқу орнында 680 оқушы білім алатынын, олардың 45 пайызы дуалды оқыту жүйесі бойынша оқитынын айтты. Колледжде бес бағыт бойынша ма-

— Орта кәсіби білім беру жүйесіндегі көп жылғы педагогикалық тәжірибемде біраз нәрсені көрдім. Әртүрлі қиындықты еңсеруге тура келді. Бұрын көп қиындық болды, көптеген училище жабылды. Бұл колледж де талай кезеңнен өтті, бірақ бүгінде табысты жұмыс істеп, білікті мамандарды даярлауды жалғастырып келеді. Ол үшін қомақты жұмыс атқарылып жатыр. Қуантатыны — жас ұрпақтың заманауи жағдайда білім алып, алған білімін бірден тәжірибеде қолдануға мүмкіндігі бар. Ал бізге,



мамандар даярланады: бағдарламалық қамтамасыз ету, электрмеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану, дәнекерлеу ісі, ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарының инженерлік жүйелерін монтаждау және пайдалану. Түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейі — 88 пайыз.

Облыс әкімі жаңартылған оқу кабинеттерін, шеберханалар мен оқу зертханаларын аралап көріп, оқытушылармен әңгімелесті, сондай-ақ колледжде одан әрі дамыту және кәсіби даярлықтың сапасын арттыру мәселелерін талқылады.

Колледжде 34 жыл еңбек еткен педагогика саласының ардагері Күлхан Ешманова осы жылдар ішінде оқу орнының қалай өзгергені жайында айтып берді.

ардагерлерге, әрдайым құрмет көрсетіледі: түрлі іс-шараға шақырады, тәжірибеміз бен білімімізді бағалайды, — деді Күлхан Ешманова.

Асхат Шахаров өңірде кәсіби білім беруді дамытудың маңыздылығын атап өтті. Оның айтуынша, колледждердің материалдық-техникалық базасын жаңарту сапалы мамандар даярлауға жағдай жасайды.

— Бүгінде колледжде білім алуға қолайлы жағдай жасалған, бұл оқушылар үшін маңызды. Әрине, көпшілігі басшы болуды армандайды, алайда өңірде білікті жұмысшы мамандар да қажет. Сондықтан біздің міндетіміз — еңбек нарығында сұранысқа ие, құзыретті кадрларды даярлау. Быыл өз білімі мен дағдысын тәжірибеде қолдануға дайын 300 маманды түлетуді жоспарлап отырмыз, — деді облыс әкімі.

Д.АЙДАР.

Білім

ҚАЛА МЕКТЕПТЕРІН АРАЛАДЫ



Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес өңірде жаңа мектептер салу және қолданыстағы білім беру ұйымдарын жаңарту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Ескі ғимаратта орналасқан көптеген оқу орны кезең-кезеңімен реновациядан өтіп, ғимараттарға күрделі жөндеу жүргізіліп, материалдық-техникалық базасы жаңартылып, үш ауысымды оқытуды жоюға және апатты жағдайдағы мектептерді алмастыруға бағытталған жобалар жүзеге асырылып, оқушылар үшін қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасы қалыптастырылып жатыр.

Облыс әкімі Асхат Шахаров былтыр күрделі жөндеуден өткен бірқатар оқу орнын аралады. Атап айтқанда, Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназия, І.Есенберлин атындағы №15 орта мектепке барды.

Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназиясы 1978 жылы салынған және сол уақыттан бері үздіксіз білім беру мекемесі ретінде жұмыс істеп келеді. Қазіргі таңда мұнда 1562 оқушы білім алууда. Мектепте 157 мұғалім қызмет етеді.

2025 жылы мектепте «КварцСпецсервис» ЖШС мердігер ұйымы тарапынан

күрделі жөндеу жүргізілді. Жөндеу аясында аумақты абаттандыру, ғимараттың қасбетін жөндеу және ішкі жұмыстардың бір бөлігі орындалды.

— Мектеп ғимаратының қасбеті толық жаңартылып, апатты 12 бағана нығайтылды. Аула аумағына тас төсемелер төселіп, абаттандырылды. 27 оқу кабинетінде еден, төбе және жарықтандыру жүйелері жөндеді, бірінші қабат пен асхананың едені толығымен жаңартылды. Спорт және акт залдары жөнделіп, қосымша дөліз салынды. Жабдықтауға да ерекше көңіл бөлінді: химия, биология және робототехника кабинеттері жабдықталды, асханадағы жиһаз бері құрал-жабдықтар жаңартылды, партастармен оқу жиһаздары ауыстырылды, информатика кабинеті мен кітапхана жабдықталды, интерактивті панелдер орнатылды. Күрделі жөндеуге 285,65 миллион теңге бөлініп, қосымша 56 миллион теңге заманауи жабдықтар сатып алуға бағытталды, — деді мектеп директоры Жания Романова.

Асхат Шахаров жаңартылған оқу кабинеттерін, мамандандырылған сыныптарды, асхананы аралап, педагогтер және

сенбі күні үйірмелерге қатысатын оқушылармен жүздесті.

— Балалардың қауіпсіз әрі жайлы жағдайда білім алуы біз үшін өте маңызды. Мектептерді реновациялау — жүйелі түрде жүргізілетін жұмыс. Біз алдағы уақытта да ескі ғимараттарды жаңартып, мектептерді заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіп, әрбір бала сапалы білім ала алатын орта қалыптастырамыз, — деді облыс әкімі.

Одан кейін өңір басшысы І.Есенберлин атындағы №15 орта мектепке барды. Бұл оқу орны 1939 жылы салынған, бүгінде мұнда 574 оқушы білім алып жатыр.

2025 жылы мектепте «ABRYOI GROUP» ЖШС мердігер ұйымы тарапынан 407,8 млн теңгеге кешенді күрделі жөндеу жүргізілді. Қосымша 107,6 млн теңге материалдық-техникалық базаны нығайтуға бағытталды.

Мектеп директоры Алмагүл Ешмағамбетованың айтуынша, реновация барысында ғимараттың қасбеті мен шатыры жаңартылып, едендер, жылу және көріз жүйелері ауыстырылды, қоршау жаңартылды. Сондай-ақ оқу кабинеттеріне жаңа жиһаздар алынып, интерактивті панелдер орнатылды, кітапхана, асхана және спортзал жаңа құрал-жабдықтармен толықтырылды.

Мектеп фойесінде директор жөндеу жұмыстарының нәтижесін «бұрын және кейін» фотосуреттері арқылы таныстырды. Ата-аналар комитеті және ардагерлер кеңесінің өкілдері мектеп инфрақұрылымын дамытуға көрсетілген қолдау үшін ел Президентіне алғыстарын жеткізді.

Облыс әкімі кездесу барысында білім беру мекемелерін жаңғырту және оқу үшін қолайлы жағдай жасау өңірлік билік үшін басым бағыт болып қала беретінін атап өтті.

— Біз әрбір мектептің заманауи, қауіпсіз әрі сапалы білім беруге қажетті барлық құралмен жабдықталғанын қалаймыз. Бұл — балаларымыздың болашағына салынған инвестиция. Сондай-ақ сапалы оқу жағдайы әр баланың әлеуетін ашуға, білімге деген ынтасын арттыруға және уақыт талабына сай білім беру стандарттарын қалыптастыруға мүмкіндік береді, — деді өңір басшысы.

Сондай-ақ Асхат Шахаров былал қаладағы №5, №17, №22 және №37 мектепте реновация жүргізілетінін мәлімдеді. Бұдан бөлек Әйтеке би, Байғанин, Темір және Шалқар аудандарындағы мектептерді жаңарту жоспарланған.

Д.ҚАЗИХАН.

Инвестиция

ИНВЕСТИЦИЯ ТARTУ ТЕТІКТЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Облыс әкімінің орынбасары Абзал Әбдікерімов «Бәйтерек» ұлттық инвестициялық холдингі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Шайхы Жандоспен кездесті.

Тараптар өңірде ірі инвестициялық жобаларды қаржыландыру және қолдау мәселесін талқылады. Сонымен қатар инвестиция тарту механизмдерін жетілдіру және даму институттарымен өзара іс-қимылды кеңейту жолы қаралды.

Талқылауға «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры», «Қазақстанның Даму Банкі» және «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамдарының өкілдері де қатысты.

Басқосуда инвестициялық тапсы-

рыс бағдарламасы аясында перспективалы бастамаларды қаржыландыру мүмкіндігіне ерекше назар аударылды. Облыс тарапынан өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етуге бағытталған бірнеше жоба ұсынылды.

Кездесу қорытындысы бойынша ұсынылған жобаларды жан-жақты пысықтау, инвесторларды іздеу және «Бәйтерек» ұлттық инвестициялық холдингі құралдарын пайдалана отырып қаржыландыру бағытында әрі қарай өзара ынтымақтастықты жалғастыру туралы келісімге қол жеткізілді.

Арайлым НҰРБАЕВА.

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС СЕССИЯСЫН АУЫСТЫРУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 19-бабының 3-тармағының 1-1) және 7) тармақшаларына сәйкес ШЕШІМ ЕТІМІН:

1. Облыстық мәслихаттың кезектен тыс жиырына үшінші сессиясын өткізу 2026 жылғы 30 қаңтарда сағат 15.00-ге ауыстырылсын.
2. Осы өкім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат төрағасының міндетін атқарушы Н.МАХАМБЕТОВ.



«IC PETROLEUM» ЖШС

ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 2026 жылғы 2 наурызда сағат 11.00-де Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс а. о., Жарқамыс а., Орталық көшесі 114А, (Мәдениет үйі) мекенжайы бойынша хабарлайды. «Эмиссиялар нормативтерінің жобасы, қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚ бөлімінің 8 бағалау ұңғымасы, 44 пайдалану ұңғымасы бойынша және ҚОҚ бөлімінің Қаратөбе кен орнын жайластыруды кеңейту жөніндегі бөлімін түзету), қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, іс-шаралар жоспары» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдау өтеді.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында, сондай-ақ ЖАО сайтында «<https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobezher-paidalanuy?lang=ru>» танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде, сондай-ақ expert_oos@mail.ru сайтында қабылданады.

Төтенше жағдай мен шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Өткізілетін қоғамдық тыңдауларға белсенді сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/9168292148?pwd=QXhkdWgwOHUvNz01b0UUMtJ1Zkdz09> Конференция идентификаторы: 916 829 2148 кіру коды: 6n71D5.

Қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады: esorproject.companu@bk.ru және + 7 (702) 557 40 58 телефондары.

Ұсынылған қызмет түрінің операторы: «IC PETROLEUM» ЖШС, БСН: 201040025752, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Өтеген Сейітов көшесі, 3В ғимарат, БЦ «Shabyt», тел: 8-705-604-60-07

Жобаны әзірлеуші: «Есо Project Companu» ЖШС, БСН: 200540023731, Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ. А., Ақтөбе қ., Тургенев ЗВ, және тел:+ 7 (702) 557 40 58 .

Әсер ету аумағы: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс а. о., Жарқамыс а.

Учаскенің географиялық координаттары: Каратөбе кен орны 47°55'30.87" с. ш. 56°33'08.54 "в. д.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Жарқамыс а. о., Жарқамыс а. 47°56'02.67 с. ш. . 56°27'19.01" в. д.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы 190 бұйрығымен бекітілген, Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 639 тармағына сәйкес «Жаңа жол 2016» ЖШС мына мекенжайда орналасқан: Ақтөбе қаласы, 12 м/а. 38Б үй, 3-пәтер жылжымалы құрамның жалғастырушы жолмен өтуі табиғи манаполия субъектісінің тарифтерді бекітуге тариф жобасын қарау бойынша жария тыңдау өткізеді.

Жария тыңдау 2026 жылғы 26 ақпанда сағат 11.00-де Ақтөбе қаласы, 12 м/а. 38Б үй, 3-пәтерде (сондай-ақ онлайн режимде өткізіледі) жылжымалы құрамның жалғастырушы жолмен өтуі қызметіне тарифтің және тарифтік сметаның жобасын қарау бойынша өткізіледі.

Тыңдауға «Жаңа жол 2016» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тұтынушылары, тәуелсіз сарапшылар, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының, табиғи монополия субъектілерінің өкілдері және өзге де мүдделі адамдар шақырылады.

Байланыс телефондары:

«Жаңа жол 2016» ЖШС: 8(705)380-67-77.

Департамент: 8(7232)55-73-38.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы 190 бұйрығымен бекітілген, Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 639 тармағына сәйкес «Жаңа жол-К» ЖШС мына мекенжайда орналасқан: Ақтөбе қаласы, 12 м/а. 38Б үй, 3-пәтер жылжымалы құрамның жалғастырушы жолмен өтуі қызметіне индекске әдісін қолдана отырып, қуаттылығы аз табиғи манаполия субъектісінің тарифтерді бекітуге тариф жобасын қарау бойынша жария тыңдау өткізеді.

Жария тыңдау 2026 жылғы 26 ақпанда сағат 11.20-да Ақтөбе қаласы, 12 м/а. 38Б үй, 3-пәтерде (сондай-ақ онлайн режимде өткізіледі) жылжымалы құрамның жалғастырушы жолмен өтуі қызметіне тарифтің және тарифтік сметаның жобасын қарау бойынша өткізіледі.

Тыңдауға «Жаңа жол-К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тұтынушылары, тәуелсіз сарапшылар, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының, табиғи монополия субъектілерінің өкілдері және өзге де мүдделі адамдар шақырылады.

Байланыс телефондары:

«Жаңа жол-К» ЖШС: 8(705)380-67-77.

Департамент: 8(7232)55-73-38.

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.

Көзделіп отырған қызмет: 1) «Мұнай жинау жүйесі. Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданында орналасқан «Қожасай» ш/а 3 ұңғыманы жайластыру» 8249, 2) «Ұңғыманың ЖСҚ-ны Әлібекмол ш/а-ға ауыстыру объектісі бойынша ЖСҚ әзірлеу» 7818.

Өтінішпен сайттарда <https://ecoportal.kz/>, «жария талқылаулар» айдарында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobezher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecoder@ecogeo.gov.kz.

Байланыс ақпараты: Ақтөбе қаласы, Қосжанов, 9 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі: 26.01.2026 ж. – 25.02.2026 ж.

КОЛЛЕДЖІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ «Ақтөбе көпсалалы колледжі» КММ БСН940940000473 мен «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ «Кешкі (ауысымдағы) жалпы білім беретін мектеп» КММ БСН030940003478 қосылу жолымен «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ «Ақтөбе колледж-мектебі» КММ болып қайта ұйымдастырылатынын хабарлаймыз. Шағымдар жарияланған күнінен бастап 2 ай ішінде осы мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе қаласы, А.Чекалин көшесі, 44- құрылыс, тел: 87013459785 — колледж; 87015368288 — мектеп.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ

90-71-55

aktobesmi@mail.ru

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «№3 ҚАЛАЛЫҚ ЕМХАНА» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫНЫҢ БАСШЫСЫНЫҢ БОС ЛАУАЗЫМЫНА КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Ақтөбе облысы Денсаулық сақтау басқармасының «№3 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Байқау кеңесі «№3 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны мемлекеттік мекемесінің басшысының бос лауазымына конкурс жариялайды (1 бірлік).

КӘСІПОРНЫНЫҢ АТАУЫ:

Ақтөбе облысы Денсаулық сақтау басқармасының «№3 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ:

030000, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, 12-шағын аудан, 51Д үй, тел.: 8 (7132) 74-32-02, электронды пошта: akt.gr3@med.mail.kz

КӘСІПОРНЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ БАҒЫТЫ:

Медициналық қызмет көрсету.

КӘСІПОРЫН БАСШЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ:

Ұйымның өндірістік, шаруашылық және қаржылық-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, басқарушылық шешімдер үшін, ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуы, сондай-ақ қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижелері үшін жауапты болады.

Ұйым қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетіктерін айқындайды. Диагностикалық, емдеу және профилактикалық көмектің тиімділігі мен сапасын арттыруға, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған персонал жұмысының жаңа және қолданыстағы ұйымдастырушылық нысандары мен әдістерін енгізуді және жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, олардың қызметін медициналық қызметтерді дамыту мен жетілдіруге бағыттайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы үшін, сондай-ақ өзінің және бағынысты тұлғалардың тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу бойынша шаралар қабылдауға дербес жауапты болады.

Ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану, өмір мен денсаулыққа қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық ахуал

қалыптастыру шараларын қабылдайды. Ұйым қызметін талдау және оның жұмыс көрсеткіштерін бағалау негізінде жұмыс нысандары мен әдістерін жақсарту бойынша қажетті шаралар қабылдайды.

Әлеуметтік әріптестік қағидалары негізінде ұжымдық шартты өзірлеуді, жасасуды және орындауды қамтамасыз етеді, еңбек тәртібінің сақталуын қадағалайды, қызметкерлердің еңбек уәдесімен, бастамашылығы мен белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды зерделеу және бағалау жұмыстарын үйлестіреді, адам денсаулығына қолайсыз әсер ететін басым факторларды айқындайды, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту бойынша тиімді шаралар қабылдайды. Гигиеналық және эпидемиология қарсы іс-шаралардың жүргізілуіне, санитарлық қағидалар мен нормалардың сақталуына жедел және зертханалық-аспаптық бақылау мен қадағалауды ұйымдастырады.

Медициналық этика талаптарының, ұйым қызметіндегі заңдылықтың, оның ішінде қаржылық-шаруашылық басқару, шарттық және қаржылық тәртіпті нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу саласында сақталуын қамтамасыз етеді.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасады, мәмілелер жасайды. Өз құзыреті шегінде барлық қызметкер үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады.

Ұйымды мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сотта таныстырады. Медициналық этика талаптарының, ішкі еңбек тәртібі қағидаларының, жабдықтар мен механизмдердің техникалық пайдалану талаптарының, өрт қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық режим талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді. Ұйымның уақтылы есептілігін қамтамасыз етеді.

КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

– «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білім, «Денсаулық сақтау менеджменті» («Қоғамдық денсаулық сақтау») мамандығы бойынша сертификаттау курсы (қайта даярлау) өткенін растайтын куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша

біліктілік берілгені туралы куәлік немесе «Денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары білім немесе «Денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе Executive MBA немесе Full Time MBA дәрежесі, денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификаты, денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдарда кемінде 2 жыл еңбек өтілі;

– медициналық қызметті (дәрігерлік практиканы) жүзеге асыру үшін: бірінші (жоғары) біліктілік санатына сәйкес дәрігердің жалпы біліктілік талаптарына сай кәсіби құзыреттердің болуы, клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификаты.

КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК:

Қазақстан Республикасының Конституциясын (1995 жылғы 30 тамыз), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (1994 жылғы 27 желтоқсан), Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (2015 жылғы 23 қараша), «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексі (2020 жылғы 7 шілде), «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексі (2014 жылғы 5 шілде), «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (2015 жылғы 4 желтоқсан), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (2015 жылғы 18 қараша), «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (1997 жылғы 11 шілде) және денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлы-экономикалық, қаржылық қызметінің негіздерін, басқарудың экономикалық әдістерін, медициналық қызметтер нарығының конъюнктурасын, кадрлық менеджменттің үздік тәжірибелерін, халық денсаулығының көрсеткіштері мен статистикасын, отандық медициналық заманауи ғылыми жетістіктерін, халықаралық тәжірибені, еңбек қауіпсіздігі, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі нормаларын, төтенше жағдайлар кезіндегі қызметті ұйымдастыруды білуге тиіс.

Конкурс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №ҚР ДСМ-58/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнының атқарушы органының функцияларын дара жүзеге асыратын басшының

немесе алқалы атқарушы орган басшысының бос лауазымына конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес өткізіледі.

ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ:

Осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады:

030000, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, 12-шағын аудан, 51Д үй, 314-кабинет, тел.: 8 (7132) 74-32-02, электронды пошта: akt.gr3@med.mail.kz

КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН ҰСЫНЫЛАТЫН ҚҰЖАТТАР:

Конкурсқа қатысу туралы өтініш. Еркін нысанда жазылған өмірбаян. Білім туралы құжаттардың көшірмелері. Еңбек кітапшасының көшірмесі (бар болса) немесе еңбек шарты, жұмысқа қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтардан үзінді көшірмелер немесе еңбек өтілін растайтын өзге құжат.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №175 бұйрығымен бекітілген 075/у нысанындағы денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінен сотталығының жоқтығы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар құжаттарды конкурс жариялаған кәсіпорнына осы хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта арқылы электрондық форматта құжат қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін ұсынады.

Құжаттардың түпнұсқалары өңгімелесу басталғанға дейін бір сағаттан кешіктірмей ұсынылуға тиіс. Ұсынбаған жағдайда кандидат өңгімелесуге жіберілмейді.

Конкурсқа қатысушы өзінің білімі, еңбек өтілі, кәсіби даярлық деңгейі туралы қосымша ақпарат (біліктілікті арттыру туралы құжаттар, ғылыми дәрежелер мен атақтар, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнынан ұсынымдар) ұсына алады.

КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ КҮНІ:

Құжаттарды қабылдау мерзімі — конкурс жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн өткен соң аяқталады. Күні: 11.02.2026 ж. Уақыты: сағат 12.00.

КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ОРНЫ:

030000, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, 12-шағын аудан, 51Д үй, 3-қабат, мәжіліс залы.

Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-СЯСИАТ ГАЗЕТ

Меншік иесі: «АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС

Газет 1974 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған

Директор Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары Айгүл НҮРКЕЕВА

Бас редактор Сәтжан ДӘРІБАЙ

Бас редактордың бірінші орынбасары Жаңағұл НИЯЗМАҒАНБЕТОВА

Бас редактордың орынбасары Данагүл ҚАЗИХАН

Жауапты хатшы Динара САНГУЛОВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ СЯСАТ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі Арайлым НҮРБАЕВА

Тілшілер Мейрамгүл САТАЕВА, Ақмарал МҰҚАШЕВА

